**Бекітемін:**
**«ЕрТөстік» бөбекжайының**
**әдіскері:** ______ **Нурниязова.Л**

**Білім беру ұйымы:** «ЕрТөстік» бөбекжайы
**Топ:** «Өркен» ерте жас тобы
**Балалардың жасы:** 1 жастан
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 02.10.23 - 06.10.2023ж.
**Қазан айы** 1-апта
**Педагогтың аты-жөні:** Махатова.А Селикова.М

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 02.10.23 | Сейсенбі 03.10.23 | Сәрсенбі 04.10.23 | Бейсенбі 05.10.23 | Жұма 06.10.23 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтетін тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгөністердің шаңын ылғалды шүберекпен | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалар)** | түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | түсіндіру; бананның нақпішініндегі шаңын ылғалды жөберекпен сүртудің қажетті әрекет екендігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза). **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | сүрту үлгісін көрсету; ойыншықтардың бөлмеге сән беретінін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, жалаушалар төменде. Жалаушаларды жоғары көтеру, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: отыру, аяқтың арасы алшақ, иықтың бойында. Алға еңкею, жалаушалардың таяқшаларын еденге тигізу. Тік тұру, бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).<br>3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, жалаушалар екі қолда төменде. Жалаушаларды жоғары көтеріп, онымен оңға (солға) бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқтың арасы алшақ, қолдарымыз бүгулі қалыпта, жалаушалар иықтарымыздың бойында. Отыру, жалаушаны алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа оралу (5 рет).<br>**(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Ыдыс толы тамағым,<br>Тамағыма қарадым.<br>Тауысып ап асымды,<br>Бүгінгі күн жарадым. | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Балаларды шоқайтып отырғызып алып, жаттығуды бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Мүсіндеу** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Музыка** | **Дене шынықтыру**<br>**Көркем әдебиет** | **Сенсорика** | **Дене шынықтыру**<br>**Қоршаған орта** |
| | **Дене шынықтыру**<br>"Түлкінің сыйлықтары"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды гимнастикалық қабырғаға көтерілуге, тепе-теңдікті сақтауға, белгілі бір бағытта жүгіруді жақсартуға және белгі берген кезде жауап беруге әрекет етуге үйрету, затты белгілі бір бағытта | **Сөйлеуді дамыту**<br>Балапан<br>Мақсат міндеттері: Балаларға ойыншық балапанның дене мүшелерін таныстырып, оларды сөзбен атауды үйрету; тақпақты педагогтің оқу мәнеріне еліктеп айтуға баулу; балапа нның тіршілігі туралы жалпы түсінік беру; ой-өрісін, есте | **Дене шынықтыру**<br>"Аюға қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шектеулі зат үстімен жүруді, педагогпен бірге ойын түрінде допты алға қарай итеруді (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып, алға қарай еңбектеуді), жүргенде тепе-теңдікті сақтауды, | **Сенсорика**<br>Үлкен және кішкентай үйшіктер.<br>Мақсат міндеттері: Балаларды заттардың көлемін және түсін сәйкестендіріп, ажыратуға үйрету; үшбұрыш, дөңгелек, шаршы пішіндерін қолданып, үйшіктерді құрастыруға жаттықтыру; үй жануарлары және | **Дене шынықтыру**<br>"Шуақты шалғында".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен педагогке қарай домалатуды үйрету, балаларды төрттағандап (4 м қашықтықта) еңбектеуге жаттықтыру, балалардың бір-біріне соқтығыспай педагогтің соңынан үйір болып жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көлденең нысанаға лақтыра білуге жаттықтыру.<br>**Мүсіндеу**<br>"Қоянға арналған дәм".<br>Мақсат-міндеттері. Ермексазды алақанның ортасына салып, түзу қозғалыспен таяқшалар есуді, қызыл түсті ажырата білуді үйрету, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. | сақтау мен зейін қабілеттерін дамыту; үй құстарына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық".<br>Мақсат-міндеттері. Бір ғана ойыншықпен ойнай білуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, "ки", "шеш", "сақина" сөздерін түсіну, басқа заттармен әрекет етуге тәрбиелеу. | ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға ұмтылысты тудырады.<br>**Көркем әдебиет**<br>"Күзгі бояулар"<br>Мақсат-міндеттері. Күз туралы білімді бекіту; адамның жұмысын құрметтеу; бақыт, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын байыту; тілдерін, шығармашылық талғамын, қимыл-қозғалыстарын дамыту. | олардың төлдері жөнінде түсініктерді пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | және жүгіру дағдыларын бекіту, жаттығуға қызығушылықтарын арттыру және барлығымен біріге жаттығулар жасауға ынталандыру, ептілікке, зейінділікке, төзімділікке баулуға талпындыру.<br>**Қоршаған орта**<br>"Бақшаға кім барады?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда көгөністер мен жемістер туралы түсінік қалыптастыру; кейбір жемістер мен көгөністерді табиғи түрінде және суреттерде тануды үйрету; зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (қарға, көгершіндер, торғайлар).** Мақсат-міндеттері. Балаларға құстардың атауларын, дене көлемін дұрыс айтуды; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен көрсетуді үйрету. **Қимылды ойын «Мені қуып жетіңдер!»** Мақсат-міндеттері. Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарды немесе аланда отырады. | **Желді бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **Саябаққа күз келсе,** Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрінде. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова **"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, | **Аула сыпырушыны бақылау** Мақсат-міндеттері. Балаларға сыпырушы қызметі туралы түсініктер беру. Оның іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру. **Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».** Мақсат-міндеттері. Балалардың сигнал бойынша қозғалу қабілетін дамыту. | **Гүлдерді бақылау** Мақсат-міндеттері. Гүлзарлардағы гүлдерді бақылау. Гүлдер әдемі, нәзік, иісі бар, түрлі түсті, үлкенді-кішілі. Гүлдерден гүл шоқтарын жасауға болады. **Аз қимылды ойын. «Көгөністер мен жемістер».** Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша) Дәмді тағам. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау) Бақта (еңкею, еденге қолды тигізу (жинау) Бақшада (тұру, қолдарын созу (жинау) | **Ағаштарды бақылау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. **"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоцияналды жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру. | | Мен оларды табамын. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау) | ұғымдар қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйемен шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары. **(дене жаттығулары мен дене белсенділігі)**<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Ашу - жабу» жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау. | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністердің атауларын атауға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін | **«Себеміз, құямыз» дамытушы жаттығуын жасау.** Мақсат-міндеттері. Сусымалы материалдарды әртүрлі құрылғылардың көмегімен құюды, | **«Пойыз» ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту. | **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту, есте сақтауға баулу. | қазуды, араластыруды үйрету. Баланы шелектегі құмды қасықпен жинауға, оны шелектен қалыптарға құюға, жарманы ыдыстан саптаяққа қасықпен немесе шөмішпен салуды жаттықтыру. Балаға қолындағы қасықты ұстауға көмектесу, құм баланың көзіне де, аузына да кіріп кетпеуін қадағалау. | | дамыту, есте сақтауға баулу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. | **«Бақшада сәбіз өсті» аз қимылды ойын** Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес қимылдар жасауды үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. | **Тақпақты мәнерлеп оқу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, қоршаған ортамен танысу)** Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев | **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. | **Қияр нақпішіндерімен ойнату.** Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ынталандыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Қ\о: «Мені қуып жетіндер» | Қ\о: «Бау бақшаға барайық» | Қ\о: «Күн мен жаңбыр» | Қ\о: Көгөністер мен жемістер» | Қ\о: «Алмалар шашылды» |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**<br>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. **(музыка)**<br>**"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақ пішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көгөніске аллергиясы барын анықтау". | | | | |